

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

09 қаңтар 2018 жыл

Қазақстан қор биржасында "Кселл" АҚ арналған "Эмитент күні" болып өтті

2018 жылдың 09 қаңтарында "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) "Кселл" АҚ арналған "Эмитент күні" іс-шарасын, осы компанияның облигацияларының жоспарланған шығарылымы мен оларды орналастыруға орай, өткізді.

Биржада "Эмитент күні" іс-шарасын өткізу мақсаты инвесторлар тарапынан эмитентке қызығушылықты арттыру және эмитенттің акционерлермен кері байланысын орнату.

Осындай іс-шаралар тұрақты негізде, бағалы қағаздары өтімді болып табылатын және, сондықтан инвесторлардың сұрақтары болуы мүмкін, барлық KASE эмитенттері үшін өткізіледі.

Іс-шараға "Кселл" АҚ өкілдері, қазіргі қызмет ететін "Кселл" АҚ акцияларының маркет-мейкері – "Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы "Haluk Finance" АҚ, "Кселл" АҚ жоспарланған бірінші облигациялық шығарылымының андеррайтері – "Tengri Capital MB" АҚ қатысты. Осыдан басқа, кездесуде брокерлік компаниялардың, "Кселл" АҚ ірі акционерлерінің және Қазақстанның жетекші БАҚ өкілдері қатысты.

"Кселл" АҚ Бас атқарушы директоры Арти Отс компанияның дамуының орта мерзімдік стратегиясы туралы баяндамамен сөз алды.

Бұдан басқа, Арти Отс "Компанияның стратегиясы жуырдағы жалдарға цифрлық қызметтерге өсіп келе жатқан мұқтажды қанағаттыруды көздеген. Осыға байланысты Кселл тұтынушылық стратегияны жаңартуды цифрлеуге бағыттап, кірістердің негізгі маңызды көзі болып табылатын, негізгі бизнесті күшейтуді жалғастыруда, Сонжай-ақ компания іргелес аймақтардың стратегиялық дамуын жалғастырып, Қазақстанның ең ірі мобильдік операторының негізінде цифрлық экожүйені IT, цифрлық және Big Data өнімдерін көздеп отырып, құруды жалғастырады" деді.

"Tengri Capital MB" АҰ Борыштық капитал нарықтары департаментінің директоры Илья Чакалиди "Кселл" АҚ алдағы облигациялар шығарылымының мән-жайын хабарлап өтті: "Fitch Ratings "Кселл" АҚ қамтамасыз етілмеген приоритеттік борышына "BB"/"A(kaz)" рейтингін берді ("BB"/ болжамы "Тұрақты") және жоспарланған компанияның 30,0 млрд теңге сомасына шығарылатын ішкі облигацияларының шығарылымына "BB(EXP)"/"A(kaz)(EXP)" рейтингтерін берді. Облигациялардың айналыс мерзімі 3 жылды құрайды, ал купондық мөлшерлемесі тиянақталған жарты жылдық төлемдермен жылдық 11,5% құрайды. Жоспарланған орналастыру датасы 2018 жылдың 16 қаңтары".

Анықтама үшін

"Кселл" АҚ мобильдік дауысты байланыс, қысқа хабарламалар қызметтерін көрсететін, мультимедиялық хабарламалармен алмасу, мобильдік контентке рұқсатта беру, сондайақ мәліметтер жолдау, соның ішінде Интернет желісіне рұқсаттама беру бойынша қосымша қызметтер көрсетеді.

2012 жылдың желтоқсанында Кселл Лондон қор биржасында GDR (жаһандық депозиттік қолхаттарды) және Қазақстан қор биржасында жай акцияларын орналастыруды табысты жүзеге асырды.

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады.

2015 жылы KASE БҰҰ "Қор биржалар тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE ТМД биржалары арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша екінші орынға иеленіп, FEAS биржаларының акциялар нарығының капитализациясы бойынша алтыншы орында.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz